

Список использованной литературы:

1. Ницше Фридрих Собрание сочинений /Фридрих Ницше. Веселая наука: Перевод с немецкого. — Москва: Ефимов, 1901. — 464 с.
2. Чоран Э. Испытание существованием / пер. с фр. Н. Ваншенкиной. — М.: Ад Маргинем Пресс, 2019. — 192 с.
3. Цапффе П. В. Последний Мессия / Я выбираю истину / пер. с норвеж. Вл. Педдер. — М.: Тотенбург, 2025. — 156 с.
4. Шопенгауэр А. О основании морали // Шопенгауэр А. Два основных вопроса этики. — М.: Академический проект, 2000. — 265 с.
5. Сартр Ж.-П. Экзистенциализм — это гуманизм / пер. с франц. И. Яснина. — М.: Прогресс, 1990. — 160 с.
6. Бауман З. Текучая современность / пер. с англ. А. Иванова. — М.: Академический проект, 2010. — 232 с.
7. Метцингер Т. Наука о мозге и миф о своем Я. Тоннель Эго / пер. с нем. И. Иванова. — М.: Наука, 2015. — 320 с.
8. Элиаде М. Священное и мирское / пер. с фр., предисл. и коммент. Н.К.Гарбовского. — М.: Изд-во МГУ, 1994. — 144 с.

ӘОЖ 141.319.8

АДАМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БҰЛЖЫМАС ҚАҒИДАТТАР

Рыскалиев Тлекжан Хасенович

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
гуманитарлық және спорттық пәндерді оқыту орталығының
профессоры, философия ғылымдарының докторы, Орал, Қазақстан
Саркулова Галия Ставаловна

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, тарих магистрі, Орал,
Қазақстан

Философияда «категорический императив» деген ұғым бар. Бұлжытпай орындауға тиісті ережелерді білдіреді. Мысалы, неміс философы Канттың ережесі: «Адам ешкімге де, ештеңеге де құрал болмауы керек. Ол өзіне де, басқаларға да мақсат болуы керек» деген [1,378б.]. Сол сияқты адам философиясында да адамға адам болып өмір сүру үшін қажетті ережелер бар.

Ғылым философиясы бар. Мәдениет философиясы бар. Тарих философиясы бар. Дін философиясы бар. Сол сияқты адам философиясы да бар. Бәрінің өзекті тақырыбы – адам. Тек ғылым философиясында нақты адам туралы әңгіме болмайды. Адам мәселесі философияның түйіні болып табылады.

Адам мәселесі – философиядағы мәңгілік мәселе. Философия тарихында бастан-аяқ адам туралы әңгіме болып келеді. Қазақ философиясын біз неге даналық философиясы, түсінік философиясы, тәлім-тәрбие философиясы деп атап жүрміз? Даналық, түсінік, тәлім-тәрбие кімге керек? Әрине, адамға. Демек, қазақ философиясы да – адам философиясы.

Философия адамды аса күрделі, жұмбақ, шексіз құбылыс ретінде қарастырады. Философиялық тұрғыдан әрбір адам – қайталанбас, дара құбылыс. Кез келген адам, әрине, мұндай биіктен көріне алмас. Адам деп атауға жарамайтындар да жетіп жатыр. Бірақ философия адамға атына лайық биік тұрғыдан қарау керек деп есептейді. Өйткені адамның мүмкіндігіне шек қоюға болмайды.

Философия адамды жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз деп бөлмейді. Әдетте әдебиет те, өнер де, педагогика да жақсы адамдарға көбірек назар аударады. Соларды үлгі етіп ұсынады. Бірақ арамызда сөзі де, ісі де, мінезі де ұнамайтын жаман адамдар да бар. Оларды қайтеміз? Жаман болып жүре берсін бе? Философия немқұрайдылықты қабылдамайды. Сондықтан, Сократ айтқандай, философияны адамдардың бәрі де қызықтырады.

Адам жаман болып тумады. Генетикалық бейімділік болатын шығар. Бірақ бұны кездейсоқ құбылыс деп есептеуге болады. Егер адам өсе келе өзін жағымсыз жағынан көрсетер болса, бұл оның өскен ортасына, алған тәрбиесіне, өзінің психикалық деңгейіне байланысты. Адам бір күйде

калып қоймайды, өседі, өзгереді, жетіледі, түзеледі. Қазақ айтады: «Тентектен түзелген таптырмас» деп. Өмірде мұндай жағдай да болып тұрады.

Философия адамға әртүрлі үлгілерді, құндылықтарды ұсынып, оны үйретуге, түзетуге тырысады. Адамға саясат та, идеология да көңіл бөледі. Бірақ олар оған құрал ретінде қарайды. Жоғарыда біз Кантқа сүйеніп, адамға бұлай қарауға болмайтынын айттық. Бұл – философияның, философтың көзқарасы. Өмірде, әрине, мүлдем басқаша болуы мүмкін.

Ғылым да, әрине, адамға көңіл бөледі. Бірақ тек зерттеу объекті, көптің бірі ретінде. Адамға бұлай қарау жеткіліксіз: ол объект қана емес, ең алдымен субъект: таным субъекті, іс-қимыл субъекті, тарихтың субъекті. Айналадағы заттардың бәрін жасаған, бәрін жасайтын адам.

Адам – жұмбақ, адам – шексіз дейміз. Адам тануға, адам жұмбағын шешуге көркем әдебиет те ат салысып келеді. Әдебиетті «адамтану мектебі» деп атауға болады. «Адам деген жұмбақ, - деп жазады Ф.М. Достоевский, - бұл жұмбақты шешу керек. Бұған бүкіл ғұмырынды жұмсаң да, «уақытым босқа кетті» - деп өкінбе. Мен бұл жұмбақты шешуге тырысамын, өйткені мен адам болғым келеді. Сонымен бірге орыс ойшылы адам жұмбағының түпкілікті шешілмейтінін атап көрсетеді. Адам жұмбағы шешілсе, онда бәрінің де біткені дейді» [2, 85б.].

Л.Н. Толстой да адам мәселесіне арнап екі томдық «Круг чтения» деген керемет философиялық шығарма жазды. «Құдай бар ма? Білмеймін, - деп жазады Толстой. Менің рухани болмысымның заңы барын білемін. Осы заңның көзін, себебін мен Құдай деп атаймын» [3].

Адамның мән-жайы, қадір-қасиеті туралы жан-жақты мәліметті үш мың жылдық тарихы бар философиядан таба аламыз. Әңгімені Шығыс философиясынан бастайық.

Будда ілімі өмірдің күрделі құбылыс екенін, оған қалай болса солай қарауға болмайтынын ескертеді. Адам өмірде өне бойы өзімен өзі күресіп өтеді. Адамның ең қиын жауы – оның өзі, шеті мен шегі жоқ қалаулары, құмарлықтары. Будда ілімі бойынша, адам өмірі бейнетке толы. Бұған себеп болатын нәрсе – ең алдымен адамның білместігі, надандығы. Адам ойланғысы келмейді, әр нәрсенің мән-жайына үңілмейді, басқаларға ілесіп өмір сүреді.

Қытай философы Лао Цзы өз ілімінде адамға өмірдегі дұрыс жолды көрсетпек болады. Ол табиғатқа, қоғамға, адамгершілік заңдарына қайшы келмейтін жол. Лао Цзы бұл жолды дао деп атайды. Адам табиғат, қоғам, мораль заңдарын танып, соған сай әрекет жасауы, өмір сүруі керек. Сонда ол қателеспейді.

Қытай философиясындағы тағы бір данышпан тұлға – Батыста да, бізде де Конфуций деп атанып кеткен ұстаз Кун. Конфуцийдің бізге жеткен әрбір сөзі, ойы әркімге де сабақ, бағыт берер тағылым болып табылады. Ол болашақта да жер бетіндегі мыңдаған ұрпақтың ұстазы болып қалары сөзсіз. Конфуций қоғамды, мемлекетті отбасымен салыстырады. Үйде де, түзде де бәрі жұғымды, үйлесімді болуы керек. «Өз үйінде жау іздеме» дейді. Бәрінің де қам жейтіні «жэнь» - сүйіспеншілік болса деген тілек білдіреді. Адамның мүмкіндігі – шексіз» – дейді Конфуций [4].

Ежелгі грек философы Гераклиттің пікірінше, дүние, адам, өмір өне бойы өзгерісте болады. Еш нәрсе бір күйде қалып қоймайды. Адам сол дүниенің, қоғамның, өзінің қалай, қай бағытта өзгеретінін білуі керек: өзгеріс өсіп жетілу үшін бе, әлде кері кету үшін бе?

Адам дүниедегі объективтік жағдайларды танып біліп, өзінің іс-әрекетінде олармен санасып отыруы керек. Гераклит мұндай объективтік жағдайларды, солармен байланысты қажеттілікті, реттілікті «Логос» деген ұғыммен білдіреді. «Сен мені тыңдама, - дейді Гераклит, - адамға, Логосты тыңда». Сонда сен қателеспейсің. Гераклиттің: «Мен өмір бойы өзімді өзім іздеп жүрмін» - деген сөзі де адамды ойландырады [5,23б.].

Адам бәрін танып білгісі келеді. Бұл – оның туа біткен қасиеті. Бірақ адам, Сократтың пікірінше, алдымен өзін танып білуі керек. Сөйтіп ол нені тану керектігін, не үшін тану керектігін, таным арқылы не істеу керектігін біледі. Сократтың шәкірттермен әңгімесінде жиі кездесетін ұғымдар: «Қанағат» (софросине), «үлгі» (айдиа), «ар-ұят» (даймон), «үйлесімділік» (гармония), ізгілік, сұлулық.

«Менің білетінім, - дейді Сократ, - ештеңе білмейтінім. Басқалар мұны да білмейді» [6,69б.]. Адамның білмейтіні, шынында да, көп болады. Білім дегеніміз – шексіз процесс. Білген сайын адамның білмейтіні шыға береді. Адамдар әдетте бұған мән бермейді.

Сократтың шәкірті Платон еш уақытта мәнін жоймайтын идея туралы ілім қалдырды. Көпшілік, сонымен бірге материалистік көзқарасты ұстанатын философтар әлі де идеяны тайыз түсінеді. Бұлар идеяны заттың санадағы бейнесі деп есептейді. Сөйтіп, идеяны затпен салыстырады. Платонның пікірінше, бұйтіп біз идеяның мәнін түсіне алмаймыз. Идея бар нәрсені ғана емес, болашақ, болуға тиісті нәрсені де бейнелейді. Соның үлгісі, жобасы болып табылады. Идея заттың сыртқы құбылысын ғана емес, ішкі мәнін, қызметін, не үшін жасалғанын ашып көрсетеді.

«Сондықтан идеяны затпен салыстыру жеткіліксіз, - дейді Платон: затты өзінің идеясымен салыстыру керек. Идея адамды алға жетелейді. Идея идея күйінде қалып қоймайды. Адамның еркін, санасын билеп, адам арқылы идея жүзеге асады, нақты заттарға, құбылыстарға айналады» [6,135б.].

Аристотель адам мәселесін материалистік тұрғыда қарастырады. Оның ойынша, адам, бір жағынан, - табиғат туындысы, екінші жағынан, - қоғам туындысы. Табиғи тұрғыда адамды жетілген жануарлар қатарына жатқызуға болады. Құл да бір, өгіз де бір. Екеуін салыстыруға болады. Құлдың өгізден айырмашылығы – ойлай алатыны және сөйлей алатыны.

Батыс философиясы қазір де Аристотель көрсеткен ғылым жолымен дамып келеді. Көптеген теориялық ғылымдардың сенімді әдіснамасына айналды. Ғылым жолымен дамыған философияның осал жері – сыртқы дүниеге баса көңіл бөліп, түпкі мәнінен – даналықтан, сөйтіп, адамнан алшақтайтыны. Батыстағы орта ғасыр философиясының негізін қалаған әулие Аврелий Августин де адам туралы терең мәнді түсінік қалдырды. Ол философияға «ішкі адам» («внутренний человек») деген ұғымды енгізді. «Сыртқа қызықпа, - дейді ол, - өзіңе қайтып орал. Шындық ішкі адамда» [7,65б.]. Адамды сырттай танып білу қиын. Оның ішкі жан дүниесіне үңілу керек. Адамды түсіну керек. Сыртқы сұлулық алдамшы болуы мүмкін.

Әбу Насыр Әл Фараби – ұлтымыздың мақтанышы, Аристотель сияқты жан-жақты ғұлама, философ. Ол да адамды қоғам туындысы деп есептейді. Адамның адам болып қалыптасуы, өсіп жетілуі қоғамға, мемлекетке байланысты. Өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген әр қырлы мағыналы еңбегінде Әл Фараби адамға өз үйіндей болатын қоғам құру туралы ойланып толғанады.

Бүгінгі «Әділетті Қазақстан» идеясы ұлы ғұламаның көксеген арманына апаратын жол. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде қоғамға ең керек қасиет – Адалдық пен Әділдік деп атап көрсетті [8].

Әл Фарабидің даналығын оның бақыт туралы түсінігінен аңғаруға болады. Бақыт деген адамға кездейсоқ кездесетін нәрсе емес. Бақытты адамға әзір күйінде құдай немесе мемлекет әкеліп бермейді. Адам бақытты өмір сүре алады. Көп нәрсе оның өзіне: түсінігіне, ниетіне, ынта-жігеріне, еңбегіне байланысты.

Адам болып бақытты өмір сүру үшін адам оқиды, үйренеді, ізденеді, күреседі. Сөйтіп, өсіп жетіледі. Бақытты адам, Әл Фараби ілімінде, өзін өзі ақтаған, бойындағы қабілетін жүзеге асырған, ойлаған мақсатына жеткен, өсіп жетілген, кемел адам. Мұндай адамды сипаттау үшін Әл Фараби «Инсан камил» деген ұғымды қолданады [9]. Бұл ұғым кемел, толық, бүтін, жетілген деген мағынаны білдіреді.

Әл Фарабидің өзі – кемел адам: ғалым, данышпан, философ, ақын, сазгер, дәрігер, жеті жұрттың тілін білетін полиглот, саяси қайраткер. Аристотель, Эпикур ілімдерімен жақсы таныс Әл Фараби материалдық байлықты бақыттың өлшемі деп есептемейді. Дүние деген өткінші нәрсе. «Бақыт деген не?» - деген шәкірттердің сұрағына Әл Фараби: «Қанағат» деп жауап береді [9]. Қанағатшыл адамның мақсаты анаған да, мынаған да ие болу, сөйтіп, баю емес, өзін өзі жүзеге асыру, адам атын ақтау.

Мектепте, оқу орындарында осы кезге дейін оқушының біліміне баса көңіл бөліп, тәрбие мәселесіне ат үсті қарау орын алып келеді. Бала тәрбиені үйінде ата-анасынан, үлкендерден алады деп есептеледі. Ата-ананың бала тәрбиелеуге кейде уақыты да, қабілеті де жетпей қалуы мүмкін екендігі ескерілмейді. Тәрбиелі бала оқуға, білімге өзінен өзі ынталы болады. Оны оқуға ынталандырудың қажеті де болмас.

Қайта өрлеу дәуірі адамды ардақтайтын «гуманизм», «антропоцентризм» деген принциптерді ұсынды, философияға енгізді. XV-XVI ғасырларда Батыста адам – белсенді, жасампаз, ол өз тағдырын өзі жасайды деген түсінік қалыптасты. Қайта өрлеу дәуірінің өкілдері өз ілімінде адам туралы осындай көзқарасты философияда, ғылымда, өнерде, әдебиетте негіздеуге тырысты.

Осы орайда жап-жас итальяндық ойшыл Джованни Пико делла Мирандоланың ілімін ерекше атап өту керек. Оның негізгі шығармасы «О достоинстве человека» деп аталады. Адамның абыройы туралы әңгімелейді. Батыста орта ғасырда бұл туралы әңгіме болуы мүмкін емес еді. Керісінше, адамды әлсіз, пақыр, күнәкар, кіріптар, пенде деп кемсіту белең алды.

Танымал француз философы, данагөй ұстаз, тәрбиеші Мишель Монтень XVI ғасырда өмір сүрді. Ол Канттан бұрын «Мен не біле аламын?» деген сұрақ қойып, оқу мен білім туралы, тәлім-тәрбие туралы терең мәнді жауап береді. Адам білімінің мүмкіндігі, шегі туралы жазады. Бәрін білу мүмкін емес, мұның қажеті де жоқ дейді. «Кейбір нәрселерді шәкірттің білгенінен білмегені жақсы, - деп жазады Монтень. – Білім – екіжүзді қару; егер де оны ұстаған қол әлсіз болса, білімді адам дұрыс пайдалана алмаса, онда ол қару иесінің өзін жаралауы мүмкін» [10].

Монтеньнің өзі туралы жазғанын оқып көрейік: «Мен өзімнен әр кезде әр түрлі мінез-құлықтарды кездестіріп, өзіме өзім таң болам, - дейді: ұялшақтық пен ұятсыздық, пәктік пен азғындық, тұйықтық пен мылжындық, еңбекқорлық пен бірге жалқаулық, тапқырлық пен топастық, шыншылдық пен жалғандық, мырзалық пен сараңдық, батырлық пен қорқақтық тағы сол сияқты кереғар қылықтар. Осының бәрі менің бойымнан табылады. Өзіме өзім үңілген сайын өзіме өзім жұмбақ бола түсемін, өзіме өзім ұқсамай кетемін», - деп ашық жазады [16].

Адам деген осындай қайшылықты құбылыс. Монтень тек өзіне ғана емес, жалпы адам баласына тән түрленуді сөз етіп отыр. Шынында да, адам бірде көл, бірде шөл, бірде олай, бірде бұлай. Қазақ: «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деп осындайда айтса керек [10]. Августин де, Монтень де өзі туралы жазғанда өздерін дәріптеуді ойлаған жоқ. Олардың мақсаты – басқа адамдар бұлар жіберген кемшіліктерді, қателіктерді қайталамаса екен, бұлардың өмірінен сабақ алса екен деген ниет еді.

Абай «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» деген өлеңінде немесе 17 қара сөзінде ақыл, қайрат, жүректі салыстырып, айтыстырып қояды. Ақыл өздігінен ешнәрсе тындыра алмайды. Ақылдан туған идеяны жүзеге асыру үшін адам қайратты іске қосады. Бірақ бұл да жеткіліксіз болып шығады. Абай ақыл мен қайраттың қасына жүректі қосады. Ақыл мен қайратты жүрекке билетіп қояды. Жүрек болмаса, ақыл мен қайрат «өзімбілемдікке», «әлімжеттікке» салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін.

Абай: Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, - деген тұжырым жасайды. Адам өмірінде бәрі жүректің қалауымен болады. Адамды адамға қосатын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің ісі. Соларды жырға қосатын поэзия да – жүректің ісі. Құдайды қалайтын жүрек. Адамды тану үшін де жүрек керек. «Әділет, ынсап, ар-ұят, рақым, мейірім – бәрі де жүректен шығады», - дейді Абай [11].

Адам танудың, адам болып өмір сүрудің нақты жолдарын атақты неміс философы Иммануил Кант былай анықтайды: адам алдына төрт сұрақ қойып, соған жауап іздеу керек және осы бағытта өмір сүруі керек. Мен не біле аламын? Адам өзінің қабілетін, мүмкіндігін бағамдауы керек. Мен не істеуім керек? Адамның не біле алатыны оның не істей алатынын да анықтайды. Адамның іс-әрекетінің де шегі бар. Адам өзіне, біліміне, қабілетіне сай істермен айналысуы керек. Әлін білмей әлек болу жарамайды. Мен неге үміт арта аламын? Адам көп нәрсеге үміт арта алады: ата-анаға, қоғамға, үкіметке, Құдайға т.б. Бірақ мына мақалды да естен шығармау керек: «На бога надейся, но сам не оплошай» деген. Өзің де қарап қалма. Түбінде бәрі өзіңе келіп тіреледі. «Өмірдің рахатын сезінудің тиімді жолы, - дейді Кант, - еңбек ету» [12].

Адам мәселесі – адамзатпен бірге жасай беретін өзекті мәселе. Адам, қоғам дамып, өзгерген сайын осы мәселе алдымыздан шыға береді. Кеңес заманындағы адам қандай, бүгінгі еліміз егемендік алған кездегі адам қандай? Сөзі де, ісі де, болмысы да, дүниеге көзқарасы да өзгерген. Жаңа адам пайда болған деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Антисери Д. и Реале Дж. Западная философия от истоков до наших дней. От Возрождения до Канта. / В переводе и под редакцией С. А. Мальцевой. Т.3. – С-Петербург: Пневма, 2002.– 409 с.
2. Достоевский Ф.М. Записки из мертвого дома. – Москва: АСТ, 2024.– 448с.
3. Толстой Л.Н. Круг чтения. Т.1. – М.: Политиздат, 1991. – 398 с.
4. Древнекитайская философия: собр. текстов в двух томах. -Т. 2. М.: Мысль, 1973.– 384 с.
5. Гераклит Эфесский: все наследие: на языках оригинала и в рус. пер.: кратк. изд. / подгот. С. Н. Муравьев. – М.: ООО «Ад Маргинем Пресс», 2012. – 416 с.
6. Асмус В. Ф. Античная философия. 3-е изд. - М.: Высшая школа, 1999. 400 с.
7. Соколов В.В.Средневековая философия. – 2. изд., испр. и доп. Москва: УРСС, 2001. – 350 с.
8. Аль-Фараби. Афоризмы государственного деятеля // Социально-этические трактаты / Пер. с араб. –Алма-Ата, 1973. – 240с.
9. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын өткізді // [Электронды ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulttyk-kuryltaydyn-ekinshi-otyrysyn-otkizdi-175532> (Қаралған күні: 05.10.2024)
10. Мишель де Монтень Опыты. – Москва: АСТ, 2020. –1050 с.
11. Абай Избранное. – М, Издательство: Альпина нон-фикшн, 2012. –250 с.
12. Кант И. Трактаты и письма. – М.: Наука, 1980. – 712 с.
13. Рыскалиев Т.Х. Абай жолы – дамудың даңғыл жолы // Ақиқат. – 2020. – №10. – С. 10–12.